

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

8D03204- Журналистика

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

**білім беру бағдарламасына
сараптамалық қорытынды**

(сыртқы сараптама)

Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі Әлеуметтік ғылымдар оның ішінде журналистика және ақпарат бағыты бойынша іргелі зерттеу жүргізу - кезек күттірмес мәселенің бірі. Сондыктan да журналистика білім беру бағдарламасы еңбек нарығында сұраныска ие. Өйткені журналистиканың жаһандану үдерісінде трансформацияға ұшырауы мен аудиторияга психологиялық әсер етуі мен коммуникация мәселелерін жан-жақты қарастыру, зерттеу еңбектерін жариялау практикалық журналистиканың әлеуетін арттыру үшін де қажет.

Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шенбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шенбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

Білім беру бағдарламасы кәсіби қызметті реттейтін мынадай нормативтік құжаттарға: ұлттық біліктілік, салалық біліктілік, кәсіби стандарттарға сәйкес келеді. Әр пәннің оқыту нәтижесі нақты корсетілген. Ғылыми-педагогикалық бағытта дайындалатын магистрлердің зерттеу, гипотеза жасау секілді кәсіби құзыреттіліктері айқын корсетілген.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың казіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі Қазіргі таңда қоғамның медиасауатын арттыру мәселесі өзекті. Осы орайда білім беру бағдарламасында жоспарланған медиабілім беру, бұкараптық коммуникацияның үдерісі мен тиімділігі, БАҚ функцияларының трансформациясы, журналистика деонтологиясы мәселелері дұрыс қарастырылған. Докторанттар осы ауқымды мәселелердің салалары бойынша зерттеу жүргізіп, оқу құралдары мен монографиялар шыгарғаны дұрыс. Осы уақытқа дейін журналистика теориялық мәселелерін ресейлік және шетел галымдарының еңбектерінен қарастырып келдік. Білім беру бағдарламасы өз нәтижесін берсе, отандық зерттеулердің де медианарыққа пайдасы зор.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

Білім беру бағдарламасында педагогикалық практиканы оңірлік университеттерде, зерттеу практикасын шетелдік БАҚ-та өткізсе деген ұсыныс бар.

Қорытынды:

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

Жексенбай Бибігүл,
«Бас редакторлар клубы» ҚБ Президенті

(Аты-жоні, лауазымы)



05.05.2022
(күн)

М.О.